

## **Қаратау қаласының шекарасын өзгерту және белгілеу туралы**

Жамбыл облыстық мәслихаты мен Облыс әкімінің 2003 жылғы 31 шілдедегі N 19-5 шешімі. Жамбыл облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 19 тамызда N 1054 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1-ші тармағы 4-ші тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына, "Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің " 108 бабының 4-ші тармағына сәйкес, 2003 жылғы 7 шілдедегі Талас аудандық мәслихаты мен Талас ауданы әкімінің бірлескен шешімін қарастыра отырып облыстық мәслихат пен облыс

ә к і м и я т ы

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Қосымша берілген сызбаға сәйкес 953,5 гектар алаңды алатын "Қазфосфат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы "Қаратау" тау-өңдеу кешенінің " Молодежный" кеніші қала аумағынан шығарылып және 243 гектар алаңды алатын " Ақшұқыр" тұрғын үй кеңістігі қала аумағына енгізіліп Қаратау қаласының шекарасы өзгертілсін .

2. Облыстық жер ресурстарын басқару комитетіне жер-есептеу құжаттамасына өзгерістер енгізуге рұқсат берілсін.

*О б л ы с т ы қ*

*м ә с л и х а т*

*сессиясының төрағасы*

*О б л ы с т ы қ*

*м ә с л и х а т*

*хатшысы*